

Кестеде ЖК-ны ЖШС-тен ерекшелендіріп тұратын аса маңызды аспектілер қарастырылған:

Өлшемшарттары	ЖК	ЖШС
Кәсіпкерлік субъектісі	Жеке тұлға	Заңды тұлға
Жауапкершілік	ЖК өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен, соның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен жауапты болады	ЖШС өз міндеттемелері бойынша өз бетінше жауап береді. ЖШС қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және залалдар тәуекелін өздері жарғылық капиталға енгізген салымдар құнының шегінде ғана көтереді
Серіктестерді тарту мүмкіндігі	Жоқ	Бар
Тіркелудің қарапайымдылығы	10 минут ішінде тегін	20 минут ішінде тегін (ШОБ үшін)
Құрылтай құжаттарының қажеттілігі	Жоқ	Бар
Шешімдер қабылдау	ЖК шешімдерді өз бетінше қабылдайды	ЖШС-де бірнеше қатысушы болған жағдайда шешімдер жалпы жиналыста дауыс беру арқылы қабылданады
Пайданы бөлу	ЖК барлық пайданы өз қалауына қарай пайдалана алады	ЖШС қатысушысы жыл (немесе өзге де есептік кезең) қорытындылары бойынша алынған пайданы бөлу кезінде дивидендтерге ғана құқылы болады
Бухгалтерлік есепті жүргізу	Босатылуы мүмкін	Міндетті
Бюджетке төленетін айыппұлдар	ЖШС-мен салыстырғанда азырақ	ЖШС өзіне де, лауазымды тұлғаларға да салына алады
Өкілеттіктерді табыстау	Мүмкін емес	Директорды тағайындау мүмкін
Бірігу, бөліп алу, қосылу, бөліну рәсімдерін жүргізу мүмкіндігі	Мүмкін емес	Мүмкін
Бизнесті сату	Мүмкін емес	Мүмкін
Филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу	Мүмкін емес	Мүмкін
Заңды мекенжайы	ЖК тұрғылықты жері бола алады	Заңды мекенжайын растау үшін үй-жайды жалға алу шарты болуы міндетті
Салық органдарының шоттарын бұғаттауы	Қолда бар барлық шоттары, соның ішінде жеке карталары	Тек ЖШС шоттары
Бизнесті жабу	Жеңілдетілген нысан	Ұзақ және қиын процесс
Салықтар	Жалпыға бірдей белгіленген режимді қолданған жағдайда пайдаға салынатын салық 10%-ды құрайды	Жалпыға бірдей белгіленген режимді қолданған жағдайда пайдаға салынатын салық 20%-ды құрайды

Анықтамалық ақпарат: Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, ШОБ белсенді субъектілерінің саны 2019 жылы 1 330 244 құрады, оның ішінде заңды тұлғалар – 260 867 (19,61%) және жеке кәсіпкерлер – 1 069 377 (80,39%).